

«8D02209 - Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Назарова Кулайша Бимаханбетовқызының «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы: қытайлық тәсіл және Қытайдың ұйымдағы рөлі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысына ресми

РЕЦЕНЗЕНТТІҢ ЖАЗБАША ПІКІРІ

р/н №	Өлшемшарттар	Өлшемшарттарға сәйкестігі (жауап нұсқаларының бірін сызу)	Ресми рецензенттің ұстанымына негіздеме (ескертуді курсивпен көрсету)
1.	Диссертация тақырыбының (бекіту күніне) ғылымның даму бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкес болуы	1.1 Ғылымды дамытудың басым бағыттарына және/немесе мемлекеттік бағдарламаларға сәйкестігі: 1) диссертация мемлекет бюджетінен қаржыландырылатын жобаның немесе нысаналы бағдарламаның аясында орындалған (жобаның немесе бағдарламаның атауы мен нөмірін көрсету); 2) диссертация басқа мемлекеттік бағдарлама аясында орындалған (бағдарламаның атауын көрсету); 3) диссертация Қазақстан Республикасының Үкіметі жанындағы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылым дамуының басым бағытына сәйкес (бағытын көрсету) келеді.	Диссертация жұмысы Жоғары ғылыми-техникалық комиссия бекіткен ғылымды дамытудың 2022 – 2026 жылдарға арналған басымдықтарына, оның ішінде «әлеуметтік және гуманитарлық ғылымдар саласындағы зерттеулер» бағытына сәйкес жүргізілген. Сонымен қатар, зерттеу тақырыбының бағыты 2015 жылы БҰҰ қабылдаған Тұрақты даму мақсаттарының 17-мақсатымен – «Тұрақты дамуға жәрдемдесу мақсатында жаһандық серіктестікті нығайту және оны іске асыру тетіктерін жетілдірумен» тығыз байланысты.
2.	Ғылым үшін маңыздылығы	Жұмыс ғылымға елеулі үлесін қосады/қоспайды, ал оның маңыздылығы ашылған/ашылмаған.	Зерттеу ШЫҰ шеңберіндегі қытайлық тәсілдің (қарым-қатынастық) теориялық-әдіснамалық негіздерін анықтап, халықаралық қатынастар теориясы

			мен дипломатиялық тәжірибеге жаңа парадигма ұсынылады. Жұмыстың нәтижелері ғылыми тұрғыдан Қытай саясаты мен аймақтық ынтымақтастықты жүйелеуге, ал практикалық тұрғыдан білім беру, ғылыми-зерттеу, сараптамалық және мемлекеттік құрылымдарда қолдануға мүмкіндік береді. Олар ШЫҰ елдері арасындағы көпжақты ынтымақтастықты түсіндіру, Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің Қытаймен өзара іс-қимылын дамыту, сондай-ақ аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қатысты стратегияларды әзірлеу үшін негіз бола алады.
3.	Өзі жазу принципі	Өзі жазу деңгейі:	Диссертациялық жұмыс құрылымдық жағынан жүйелі жазылған, мазмұны логикалық бірізді.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) төмен;	
		4) өзі жазбаған.	
4.	Ішкі бірлік принципі	4.1 Диссертация өзектілігінің негіздемесі:	Зерттеу тақырыбы көпдеңгейлі түрде ашылған: аймақтық, ғаламдық өлшемдер тұрғысынан зерттеу объектісінің ғылыми және практикалық маңыздылығы дәйекті түрде дәлелденген. ШЫҰ-ның Еуразиялық кеңістіктегі тұрақтылық
		1) негізделген;	
		2) ішінара негізделген;	
		3) негізделмеген.	

		пен қауіпсіздік рөлі, Қытайдың реляциялық тәсілі және халықаралық қатынастардағы жаңа дипломатиялық үлгі тақырыптың өзектілігін айқын көрсетеді. Теориялық тұрғыда жеткілікті зерттелмеген мәселенің белгіленуі зерттеу проблемасының әдіснамалық маңыздылығын растайды.
	4.2 Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды:	Диссертация мазмұны диссертация тақырыбын айқындайды. Қытайлық тәсілдің негіздері, іске асырылу механизмдері және Қытай рөлі айқындалған.
	1) <u>айқындайды;</u>	
	2) ішінара айқындайды;	
	3) айқындамайды.	
	4.3. Мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді:	Зерттеудің мақсаты мен міндеттері диссертация тақырыбына сәйкес келеді. Қойылған міндеттер жүйелі түрде орындалған және олардың әрқайсысы зерттеу тақырыбының мақсатына жетуге бағытталған.
	1) <u>сәйкес келеді;</u>	
	2) ішінара сәйкес келеді;	
	3) сәйкес келмейді.	
	4.4. Диссертацияның барлық бөлімдері мен ережелері логикалық байланысқан:	Диссертация құрылымындағы барлық тараулар мен бөлімдер, ережелер өзара логикалық тұрғыда толық байланысқан. Жұмыс мазмұны кіріспеден бастап қорытындыға дейін мақсат пен міндеттерге сәйкес жүйелі түрде жүргізілген.
	1) <u>толық байланысқан;</u>	Бірінші тарауда аймақтық ұйымдарды талдаудың теориялық-
	2) ішінара байланысқан;	
	3) байланыс жоқ.	

әдіснамалық негіздері зерттелген. Неопреративизм, неолитберализм, конструктивизм және постбатыстық теориялар қарастырылған. Соныммен қатар осы теорияларға бағлама ретінде релятивизмдік парадигманың философиялық негіздері мен Қытай сыртқы саясатының идеологиялық негіздері талданған. Екінші тарау Қытайдың ШЫҰ шеңберіндегі қайыпсіздік, экономика және мадени-гуманитарлық батыттардағы көпжақты ынтымақтастық пен өзара әрекеттесуі релятивизмдік тұрғыдан сипатталды. Қытайлық тасі қайыпсіздік саласындағы ұжымдық қайыпсіздік механизміне дамытуға бағытталды. Экономикалық ықпалдасуда БББЖ бастамасының маңі айқындалды. Бұл инфрақұрылымдық жобалар, логистикалық бастамалар арқылы өзара тәуелсіздік пен ұзақ мерзімді байланыс орнату механизміне бағытталған. қалыптастырыуға бағытталған. Мадени алмасу, білім беру жобалары ШЫҰ елдері арасындағы өзара түсіністік пен байланысты терендетуге көзделген. Үшінші тарауда Қытайдың ШЫҰ-дағы стратегиялық ролі оның тек

		негізін қалаушы ел ретінде ғана емес, сонымен қатар жаһандық процесстердегі орнымен де түсіндірілген. Сонымен қатар Қазақстан үшін мүмкіндіктер мен тәуекелдерін саралау арқылы БББЖ аясындағы инфрақұрылымдық жобалар, әсіресе көлік пен логистика саласындағы байланыстар экономикалық өсімге қол жеткізетініне болжау жасалынған. Сонымен бірге экономикалық тәуелділіктің артуы және Қытай ықпалының артуы ұлттық мүдделерге әсер ету қаупі де жоққа шығарылмаған. Жалпы мазмұндық құрылым бірізді және ғылыми логикаға сай.
	4.5 Автор ұсынған жаңа шешімдер (қағидаттар, әдістер) дәлелденіп, бұрыннан белгілі шешімдермен салыстырылып бағаланған:	Диссертант ұсынған жаңа қағидаттар мен әдістер ғылыми тұрғыда негізделген. ШЫҰ шеңберіндегі Қытайдың тәсіліне қатысты жүргізілген талдау халықаралық және отандық тәжірибелермен салыстырмалы түрде қарастырылған. Қауіпсіздік, экономикалық және гуманитарлық салалардағы нақты мысалдар мен эмпирикалық материалдар сыни талдауға мүмкіндік береді, нәтижесінде жаңа шешімдердің
	1) <u>сыни талдау бар;</u>	
	2) талдау ішінара жүргізілген;	
	3) талдау өз пікіріне емес, басқа авторлардың сілтемелеріне негізделген;	
	4) талдау жоқ.	

			теориялық және практикалық мәні айқындалған.
5.	Ғылыми жаңашылдық принципі	5.1 Ғылыми нәтижелер мен ережелер жаңа ма?	Диссертациядағы ғылыми нәтижелер мен ұсынылған ережелер толығымен жаңа. Автор алғаш рет отандық зерттеулерде Қытайлық реляциялық тәсілді кешенді талдап, ШЫҰ шеңберінде Қытайдың рөлін ғылыми тұрғыда негіздеген.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
		5.2 Диссертацияның қорытындылары жаңа ма?	Диссертация қорытындылары толығымен жаңа сипатқа ие. Зерттеуде қытайлық тәсілдің халықаралық қатынастарды түсіндірудегі жаңа концептуалдық интерпретациясы ұсынылған. Автор ҚХР сыртқы саясатындағы «гуаньси» қағидатына негізделген қарым-қатынастар желісін, үдерістік өзара тәуелділік логикасын, этикалық міндеттемелерді, иерархиялық байланыс және фанфа (бейімделгіштік, ұзақмерзімді үйлесімділікке ұмтылу) принциптерін халықаралық тәртіптің балама моделі ретінде қарастырады. Бұл халықаралық қатынастар теориясында батыстық парадигмалардан (реализм, либерализм, конструктивизм) ерекшеленетін жаңа теориялық негіз ұсынады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	

		5.3 Техникалық, технологиялық, экономикалық немесе басқару шешімдері жаңа және негізделген бе? 1) <u>толығымен жаңа</u>; 2) ішінара жаңа (25-75% жаңа); 3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	Диссертациялық жұмыста ұсынылған басқарушылық шешімдер толық жаңа және ғылыми дәлелденген. Автор ШЫҰ-дағы Қытайдың ықпал ету механизмдерін талдауда «гуаньси» қағидасына негізделген реляциялық логика, үдерістік өзара іс-қимыл, «фанфа» принципі және иерархиялық этикалық міндеттемелерді жаңа әдіснамалық модель ретінде қолданған. Сонымен қатар, дипломатиялық-практикалық және басқарушылық тетіктер жүйеленіп, олардың жаңа интерпретациясы ұсынылды. Осы тұрғыда диссертациядағы басқарушылық шешімдер теориялық және практикалық деңгейде толықтай жаңа және негізделген деп бағаланады.
6.	Негізгі қорытындылардың негізділігі	Барлық негізгі қорытындылар ғылыми тұрғыдан қарағанда ауқымды дәлелдемелерде <u>негізделген</u>/негізделмеген (qualitative research (куоолитатив ресеч) және өнер және гуманитарлық ғылымдар бойынша даярлық бағыттары үшін).	Диссертациядағы барлық негізгі қорытындылар ғылыми дәлелдерге толық негізделген. Олар теориялық талдаулар, ШЫҰ ресми құжаттары, сараптамалық сұхбаттар нәтижелері және SWOT-талдау деректері арқылы дәйектелген. Қорытындылар зерттеу тақырыбының өзектілігі мен ғылыми жаңашылдығын растауға және ұсынылған тұжырымдардың

			практикалық маңыздылығын көрсетуге мүмкіндік береді.
7.	Қорғауға шығарылған негізгі ережелер	Әрбір ереже бойынша келесі сұрақтарға жеке жауап беру қажет: 7.1 Ереже дәлелденді ме? 1) <u>дәлелденді</u>; 2) шамамен дәлелденді; 3) шамамен дәлелденбеді; 4) дәлелденбеді; 5) бұл тұжырымда ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес. 7.2 Тривиалды ма? 1) ия; 2) <u>жоқ</u>; 3) бұл тұжырымда ереженің тривиалды екенін тексеру мүмкін емес. 7.3 Жаңа ма?	1-ереже теориялық талдау арқылы ғылыми негіздеме дәлелденген. 2-ереже тарихи талдаумен дәлелденген. 3-ереже ШЫҰ құжаттары мен келісім-шарттар негізінде дәлелденген. 4-ереже эмпирикалық материалдар арқылы расталды. 5-ереже SWOT-талдау нәтижелері дәлелденген. 1-ереже - зерттеу теориялық және эмпирикалық талдауға сүйенген. 2-ереже - қытайлық тәсіл философиялық, әдіснамалық негіздер арқылы жүйелі зерттелген. 3-ереже ҚХР ШЫҰ-дағы тәсілі зерттеліп, «Шанхай рухының» процессуалдық мәні эмпирикалық деректермен расталды. 4-ереже байланыс желісін нығайтуды көрсетеді. 5-ереже SWOT-талдау арқылы тәсілдің күшті, әлсіз жақтары және сенім мен серіктестікті қалыптастырудағы рөлі көрсетілді. 1-ереже – жаңа. Аймақтық ұйымдардың рөлі ШЫҰ

		1) ия;	контекстінде алғаш рет интерпретацияланған. 2-ереже – жаңа. Тәсілдің онтологиялық және әдіснамалық мазмұны отандық ғылымда алғаш рет жүйелі түрде ашылған. 3-ереже – жаңа. ШЫҰ-дағы реляциялық принциптер алғаш рет кешенді талданған. 4-ереже – жаңа. Реляциялық дипломатия балама моделі ретінде алғаш рет ғылыми негізделген. 5-ереже – жаңа. SWOT-талдау арқылы Қытайдың реляциялық тетіктерін бағалау және ШЫҰ-дағы рөлін анықтау ғылыми айналымға алғаш рет енгізілген.
		2) жоқ;	
		3) бұл тұжырымда ереженің жаңашылдығын тексеру мүмкін емес.	
		7.4 Қолдану деңгейі:	1-ереже – кең. Аймақтық ұйымдардың рөлі туралы теориялық тұжырымдар халықаралық қатынастар теориясында, аймақтануда, қытайтануда, саясаттануда кең қолданылады. 2-ереже – кең. Қытайлық тәсілдің теориялық-әдіснамалық негіздері академиялық зерттеулерде, сыртқы саяси талдауда және білім беру бағдарламаларында кең қолданылады. 3-ереже – орташа. Қытайдың ШЫҰ шеңберіндегі нақты бастамаларын реляциялық тұрғыдан түсіндіру мамандандырылған ғылыми және
		1) тар;	
		2) орташа;	
		3) кең	
		4) бұл тұжырымда ереженің қолдану деңгейін тексеру мүмкін емес.	

			сараптамалық салаларда қолданылуы мүмкін. 4-ереже – орташа. Реляциялық дипломатияны халықаралық ұйымдардағы өзара әрекеттесу үлгісі ретінде пайдалану теориялық және қолданбалы зерттеулерде орташа деңгейде сұранысқа ие. 5-ереже – орташа. SWOT-талдау негізіндегі нәтижелер сараптамалық бағалаулар мен стратегиялық жоспарлауда қолданылуы мүмкін, бірақ қолданылу аясы кәсіби контекстпен шектеледі.
		7.5 Мақалада дәлелденген бе?	Ережелер мақалада дәлелденген. Диссертанттың негізгі ғылыми тұжырымдары жарияланған мақалаларда жан-жақты қарастырылып, ғылыми тұрғыда негізделіп, апробациядан өткен.
		1) ия;	
		2) жоқ	
8.	Дәйектілік қағидаты.	3) бұл тұжырымда мақаладағы ереженің дәлелденгенін тексеру мүмкін емес.	
	Дереккөздер мен ұсынылған ақпараттың дәйектілігі	8.1 Әдіснаманы таңдау – негізделген немесе әдіснама нақты жазылған:	Диссертацияда теориялық және эмпирикалық әдістер қолданылған.
		1) ия;	
		2) жоқ.	

	8.2 Диссертация жұмысының нәтижелері компьютерлік технологияларды қолдану арқылы ғылыми зерттеулердің қазіргі заманғы әдістері мен деректерді өңдеу және интерпретациялау әдістемелерін пайдалана отырып алынған:	Зерттеуде деректерді жүйелеу, мәтіндік және контент-талдау, салыстырмалы талдау, сондай-ақ SWOT-талдауды қалыптастыру және интерпретациялау кезінде компьютерлік өңдеу әдістері қолданылған.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.3 Теориялық қорытындылар, модельдер, анықталған өзара байланыстар және заңдылықтар эксперименттік зерттеулермен дәлелденген және расталған (педагогикалық ғылымдар бойынша даярлау бағыттары үшін нәтижелер педагогикалық эксперимент негізінде дәлелденеді):	Диссертацияда ұсынылған теориялық қорытындылар, анықталған өзара байланыстар мен заңдылықтар ғылыми-зерттеу барысында жүргізілген талдаулармен, салыстырмалы зерттеулермен және эмпирикалық материалдармен дәлелденіп, расталды. Зерттеу нәтижелері теориялық тұжырымдардың практикалық негізділігін қамтамасыз етеді.
	1) ия;	
	2) жоқ.	
	8.4 Маңызды мәлімдемелер нақты және сенімді ғылыми әдебиеттерге сілтемелермен <u>расталған</u> / ішінара <u>расталған</u> / расталмаған.	Диссертациялық жұмыста келтірілген маңызды ғылыми мәлімдемелер нақты әрі сенімді дереккөздерге сүйене отырып, расталған. Диссертант шетелдік, қытайлық және отандық ғылыми еңбектерге, халықаралық құқықтық құжаттарға, статистикалық мәліметтерге жүйелі түрде сілтеме жасап, тұжырымдарының ғылыми негізділігін қамтамасыз еткен.

		8.5 Пайдаланылған әдебиеттер тізімі әдеби шолуға жеткілікті/жеткіліксіз.	Диссертациялық жұмыста пайдаланылған әдебиеттер тізімі тақырыпты талдауға жеткілікті. Зерттеуде қытайлық бастамалар, стратегиялық бағдарламалар, нормативтік құжаттар, статистикалық мәліметтер мен есептер, шетелдік, қытайлық және қазақстандық ғалымдардың ғылыми еңбектері қамтылған.
9	Практикалық құндылық қағидаты	9.1 Диссертацияның теориялық маңызы:	Диссертацияның теориялық маңыздылығы ШЫҰ шеңберіндегі қытайлық тәсілдің (реляциялық) теориялық-әдіснамалық негіздерін талдаумен айқындалады. Бұл зерттеуде Қытайдың ШЫҰ аясындағы тәсілі реляциялық немесе қарым-қатынас орнату тұрғысынан түсіндірілген. Бұл тәсіл халықаралық қатынастар теориясы мен дипломатиялық тәжірибеге қосылған жаңаша парадигма ретінде қарастырылады.
		1) <u>бар</u> :	
		2) <u>жоқ</u> .	
		9.2 Диссертацияның практикалық маңызы бар және алынған нәтижелерді практикада қолдану мүмкіндігі жоғары:	
		1) <u>ия</u> :	
		2) <u>жоқ</u> .	Диссертациялық жұмыстың нәтижелері мен ұсынымдары төмендегі бағыттарда пайдаланылуы мүмкін: 1) шығыстану, халықаралық қатынастар, аймақтану салаларындағы ғылыми және педагогикалық қызметте – ШЫҰ шеңберіндегі Қытай саясаты мен

			аймақтық ынтымақтастықтың ерекшеліктерін талдауға арналған оқу құралдары мен арнайы курстарды әзірлеуде; 2) Қазақстан мен Орталық Азия елдерінің Қытаймен ынтымақтастығын дамытуға бағытталған сыртқы саяси және сыртқы экономикалық стратегияларды қалыптастыруда, оның ішінде аймақтық қауіпсіздік пен тұрақтылыққа қатысты сценарийлер мен модельдерді әзірлеуде; 3) Мемлекеттік органдар мен сараптамалық құрылымдардың, сондай-ақ халықаралық ұйымдар мен өңірлік институттардың қызметінде ШЫҰ шеңберіндегі көпжақты ынтымақтастықтың тиімділігін арттыру және Қытаймен өзара іс-қимылды оңтайландыру мақсатында.
		9.3 Практикалық ұсыныстар жаңа ма?	Қытай тәсілді зерттеу барысында, оны халықаралық қатынастарда бейімдеу ғылыми жаңашылдық болып табылады.
		1) толығымен жаңа;	
		2) ішінара жаңа (25-75% жаңа);	
		3) жаңа емес (жаңасы 25%-дан кем).	
10.	Жазу және ресімдеу сапасы	Академиялық жазу сапасы:	Диссертациялық жұмыс академиялық талаптарға сәйкес жазылған.
		1) жоғары;	
		2) орташа;	
		3) орташадан төмен;	

		4) төмен.	
11.	Диссертацияға ескертулер		Жұмыс құрылым жүйелі және қисынды. «Қытайлық тәсіл» ғылыми еңбектің өн бойында өз алдына үлкен ұғым ретінде, концепция ретінде ұсынылып отыр. Сондықтан тырнақшада берілгені дұрыс деп есептеймін. Еңбекте бұл ұғым көп жерде жәй тіркес ретінде берілген. Автор қытайлық тәсіл ұғымын кең мағынада ашып, оның философиялық, мәдени және дипломатиялық негіздерін жүйелі сипатта көрсеткен. Осы құрамдас бөліктердің өзара байланысын және олардың қытайлық тәсіл тұжырымдамасындағы орнын сәл нақтылап көрсету зерттеудің теориялық қисынын тереңдете түсер еді. Бұл тек ұсыныс сипатында беріліп отыр және диссертациялық жұмыстың ғылыми маңызын еш төмендетпейді.
12.	Докторант мақалаларының зерттеу тақырыбы бойынша ғылыми деңгейі (диссертация мақалалар сериясы нысанында қорғалған жағдайда ресми рецензенттер докторанттың зерттеу тақырыбы бойынша әр мақаласының ғылыми деңгейін зерделейді)		Докторанттың ғылыми мақалалары диссертациялық зерттеу тақырыбына толық сәйкес келеді және оның негізгі тұжырымдарын жан жақты ашады. Бір мақала Scopus дерекқорындағы жоғары импакт-факторлы (Q2) журналда жарияланған. 4 мақала ҚР Ғылым және жоғары білім саласындағы

			сапаны қамтамасыз ету комитеті ұсынған ғылыми басылымдарда жарық көріп, зерттеу нәтижелерінің жүйелілігі мен ғылыми құндылығын дәлелдейді. Сонымен бірге 3 мақала халықаралық ғылыми конференцияларда ұсынылған.
13.	Ресми рецензенттің шешімі (осы Үлгі ереженің 28-тармағына сәйкес)		«8D02209 - Шығыстану» білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) дәрежесіне іздену үшін ұсынылған Назарова Кулайша Бимаханбетқызының «Шанхай Ынтымақтастық Ұйымы: қытайлық тәсіл және Қытайдың ұйымдағы рөлі» тақырыбындағы диссертациялық жұмысы ғылыми жаңалығы, теориялық және практикалық маңыздылығы тұрғысынан қойылатын талаптарға сай келеді және қорғауға ұсынылады.

Ресми рецензент:

Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық

Университеті т.ғ.к., с.ғ.д.

